




ЯН БЕРНЕТТ РЕСМИ АНТ БЕРДІ

Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығы Сот төрағасының ант беру рәсіміне қатысты.

Кеше Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен АХКО Сотының жаңадан тағайындалған төрағасы лорд Ян Бернеттің ресми ант беру рәсімі өтті.

Жиынға АХКО басқарушысы Ренат Бектұров, АХКО Халықаралық арбитраж орталығының төрағасы Томас Крюммель, сондай-ақ АХКО Сотының тіркеушісі және Халықаралық арбитраж орталығының аппарат жетекшісі Кристофер Кэмпбелл-Холт қатысты.

Ресми жиында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы бұл институттың коммерциялық дауларды шешуде елеулі қызмет атқаратынын атап өтті.

— «Астана» халықаралық қаржы орталығы инвесторлар сенім артатын маңызды алаң саналады. Осы орайда халықаралық стандарттарға сай тәуелсіз сот жүйесі бар АХКО Соты негізгі рөл атқарады.

Құрметті лорд Бернетт, Сізді осынау жауапты лауазымға тағайындалуыңызбен құттықтаймын. Сіздің кандидатураның таңдалуы АХКО сот жүйесінің тұрақтылық және сенімділік қағидаттарын сақтауға бейіл екенін тағы да растайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент өз міндетін ойдағыдай орындап, АХКО Сотында қаралған әр істе әділеттілікті және әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге күш салғаны үшін Соттың бұрынғы төрағасы лорд Джонатан Манска ризашылығын білдірді.

Жиыннан кейін Мемлекет басшысы шараға қатысушылармен АХКО Сотын және Халықаралық арбитраж орталығын еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал ететін негізгі тәуелсіз институттар ретінде дамыту перспективасын талқылады. Бұдан бөлек, Президент дауларды шешуге қатысты халықаралық құқықтың үздік тәжірибесін енгізу, сондай-ақ заманауи технологияны, оның ішінде жасанды интеллекттің әлеуетін белсенді түрде пайдалану маңызды екенін айтты.

ӨНІРДІҢ ДАМУЫНДА ОҢ ДИНАМИКА БАР



Президент Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына облыстың былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы туралы баяндалды. Өндірістің негізгі экономикалық көрсеткіштері бойынша оң динамика бар.

Президентке облыс тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жоспар таныстырылды. Онда ауыл шаруашылығын ілгерілету және инфрақұрылымды дамыту, тұрғындарды сапалы

ауызсумен қамтамасыз ету шаралары қамтылған. Сондай-ақ өндіріс көлік-логистикалық әлеуетін пайдалануға және туризм саласын өркендетуге баса назар аударылған.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

ҚҰРМЕТТІ AIQYN ГАЗЕТІНІҢ ҰЖЫМЫ!

Сіздерді AIQYN газетінің жарыққа шыққанына 20 жыл толуымен құттықтаймын!

Бұл басылым осы кезеңде өзінің бағыт-бағдарын айқындап, оқырман қауымының рухани серігіне айналды. Мемлекет пен қоғамның ашық диалог алаңы ретінде танылып, түрлі мәселеге қатысты сындарлы көзқарас қалыптастыра білді. Газет ұжымы кәсіби журналистердің тұтас буынын тәрбиелеп, қазақ баспасөзінің шығармашылық шеберханасы атанып отыр.

Бүгінде AIQYN жетекші аппаратының бірі ретінде ұлттық сана-сезімді жаңғыртуға және мемлекетшілдік рухты нығайтуға елеулі үлес қосып келеді. Газет қызметкерлері өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқарып, ел игілігін еселеу жолында табысты еңбек етіп жүр.

Ұжым алдағы уақытта да биік белестерді бағындыра береді деп сенемін.

Баршаныңа шығармашылық шабыт, толағай табыс тілеймін!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті



АЛМАТЫДА ЖАҒДАЙ ҚАЛЫПТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов Алматыдағы жер сілкінісіне байланысты ведомствоның атқарып жатқан жұмыстары туралы баяндады. Бұл туралы Президенттің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-тегі парақшасында жазды.

Шыңғыс Әріновтің айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмаларына негізделген іс-қимылдар алгоритмі өз деңгейінде орындалды. Қазір қаладағы жағдай қалыпты, барлық тиісті мекемелер бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс істеп жатыр.

Президент министрге мегаполис тұрғындарының аمانдығын сақтау және Алматыдағы жағдайды бақылауды қамтамасыз ету үшін қала әкімі Ерболат Досаевпен, сондай-ақ қаладағы барлық жауапты мекемелермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуді жалғастыруды тапсырды.

ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРЫНДАҒЫ AIQYN

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың күнделікті жұмыс барысында мерзімді басылымдарды үзбей оқитынын, газет-журналдарда жарияланған материалдарды үнемі қадағалап отыратынын жиі естиміз. Президенттің өзі де 2022 жылы Ұлттық арнаның тілшісі Жайна Сламбекке берген сұхбатында баспасөзді жібермей қарайтынын айтқан болатын.

3»



ОҚЫРМАНСЫЗ ГАЗЕТ ОРМАНСЫЗ АЛҚАП СЕКІЛДІ

AIQYN жастардың жүрегінен орын алды. 20 жылдық тарихында басылым беттерінде жастардың көптеген өзекті мәселесі көтерілді, білім мен ғылым, мәдениет пен спорт және басқа да салалардағы дарынды жастардың жетістігі арнайы айдарлармен оқырманға ұсынылып келеді.



ӨТКІР МӘСЕЛЕЛЕРДІ БІРАУЫЗ СӨЗБЕН ЖАЗДЫҚ...

2000 жылдардың басында біздің қоғам тез өзгере бастады. Біз капитализмге дендеп енген сайын жаңа ұғымдар, жаңа механизм, жаңа қатынастар пайда болды. Бұлардың бәрі ақпараттық қажеттілік туғызды. Сол кездері елімізде біраз газет ашыла бастады. Соның ішінде «Айқын» да бар.



БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БАСЫЛЫМ

«ТЕЛЕАРНАМ ГАЗЕТ БОП КЕТТІ...»

Таймаласта сыналған.
Тығырықтан шыға алған.
Телеарнадан келгендер,
Тәуір газет шығарған.

(Журналистік фольклордан)

Жастықтың жалауы — «Жас Алаш» сегіз жыл жұмыс істеп, білім мен ғылым саласына түбегейлі ауысқан соң енді сірә газетке келе қоймаспыз деп ойлағанбыз. Жок, «ат баспаймын деген жерін үш басады» деген рас екен. Қай қиырда жүрсек те, бұқаралық ақпарат құралдарынан іргемізді ажырта алмадық. Реті солай болды. Әр кезеңде басылымды да басқардық, тележурналистиканы да тізгіндедік. Баспаны да, басқаны да игердік. Сәл кейінірек мемлекеттік қызметке қайта шақырылды.

«Литер Media» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты «Айқын» мен «Литер» газеттері сол тұста өмірге есік ашты. Екеуі де «Егемен Қазақстан» мен «Қазақстанская правда» секілді күнделікті шығатын басылымдар еді. Жаңа газеттердің салғаннан данқы мен дақырты қатар жүрді. Солай болатындай жөні де бар. Тұрпаты басқа. Безендірілуі бөлек. Бірден көлемді дүниелерге тосқауыл қойылды. «Ақ сөйле!» деген етектей мақала жариялайтын жалғыз-ақ айдары бар. Одан өнгесі 100-150 жолдан аспайды.



Мемлекеттік тапсырысты анау-мынау емес, азуы алты қарыс «Қазақстан темір жолының» өзінен алады. Газеттің тілшілері еңсесін биік ұстайды. Ғимаратқа да еркіндеу кіреді, жазғанда да еркіндеу жазалы. Соған сай табысы да мол. Жалақысы жоғары, қаламақысы қомақты. Сондықтан өзге әріптестеріне қарағанда олардың көңілдері көтеріңкі жүреді.

(Жалғасы 5-бетте)



ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ БЕКІДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 7 наурыз күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

занды қарайды. Бұл құжат халықаралық іскерлік операцияларда мемлекеттік кірістің жоғалуын болдырмауды көздейді.

Сондай-ақ заң нормалары капиталды шығаруды бақылау тетіктерін күшейту үшін тараптардың өзара байланыстылығын анықтау жолдарын кеңейтеді.

Одан бөлек, бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

ПІТІР САДАҚА МӨЛШЕРІ – 640 ТЕНҒЕ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төралқа мәжілісінде пітір садақа еліміз бойынша екі келі ұнның орташа бағасы негізінде 640 теңге болып бекітілді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шариғат және пәтуа бөлімі Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Кыргызстан тағы басқа елдердің ғұламалар кеңесімен, пәтуа саласына жауапты ғалымдармен ақылдаса келе, биылғы Рамазан айының басталатын күні бекітілді.

Ортак пәтуаға сәйкес, қасиетті Рамазан айы 11 наурызда басталады. Ал сәуір айының 5-нен 6-на қараған түні – қасиетті Қадір түні. 10 сәуір – Ораза айт мерекесі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төралқа мәжілісінде пітір садақасы еліміз бойынша екі келі ұнның орташа бағасы негізінде 640 теңге болып бекітілді.

Сондай-ақ өзіңізге қажетті облыс, қала, аудан және ауылдың (барлығы 6 000 елді мекен) ораза



және намаз кестесін muftuat.kz сайтынан жүктеп алуға болады.

ОТБАСЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ – ӘЙЕЛ

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы отбасыларға және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналарға арнап, 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырды.



«Арулар — Асыл жандар» деп аталған мерекелік іс-шара қонағы қоғам қайраткері Оразкул Асанғазықызы «Мемлекеттік тілдің тағылымы мен мәртебесі» тақырыбында баяндама жасады. «Тіл — халықтың жаны» екенін тілге тиек еткен Оразкул Асанғазықызы қазақ тілінің болашағы мен елдің ертеңі туралы айта келе:

— Отбасының тілі — қазақ тілі болса, балалар қазақша ойлап, қазақша толғанады. Ал орыс тілі қарым-қатынас тіліне айналған отбасы баласын орыс сыныбына берсе, олар — келешекте қай ұлттың өкілі болатынын білмейтіндер, қазақтың болашағына сенбейтіндер. Балаларды орыс сыныбына бермеу керек, әке-шешесін қарттар үйіне беретіндердің 99 пайызы — орыс сыныбын бітіргендер. Қай тілде

оқысаң, білімді сол тілде сініресің. Қазақтың баласы қазақ тілінде оқуы керек. Сонда ғана қазақи мінез, қазақи діл қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда ата-аналар аласпауға тиіс, — деді.

Атап айтар болсақ, «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы көпбалалы, толық емес, жағдайы төмен отбасыларға, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасыларға және мүмкіндігі шектеулі жандарға кешенді кеңес беру қызметтерін көрсету, отбасы институтын нығайтуға бағытталған шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру мақсатында құрылған болатын. Алғаш шаңырақ көтерген 2020 жылдан бері «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы жанына жылу іздеп жүрген талай қыздар мен аналарға құшағын ашып,

жүрек жарасын емдеуге себепкер болды. Мәселен, 2023 жылғы 4 қаңтардан бастап, 2023 жылғы 29 желтоқсанға дейін «Жанұя» орталығына 49 195 сұрақ бойынша 18 637 адам жүгінген екен. Олар атаулы әлеуметтік көмек «Отбасы Банкі» АҚ бағдарламалары, құқықтық көмек, денсаулық мәселелері, психологиялық, білім беру және әлеуметтік қызметтер бойынша ақыл-кеңес алған. «Жанұя» орталығы тағдыр тауқыметін тартып, таршылық көріп жүрген аналарға, балаларға көктем шуағындай жадыраңқы көңіл-күй сыйлауды да ұмытпайды. Көмек сұрап, мейірім іздеп келгендерге материалдық қана емес рухани құндылықтарға бай жаншуағын сыйлауды әдетке айналдырған.

Мерекелік іс-шара барысында эстрада жұлдыздары әннен шашу шашты. Жиналған көпшілікке арнап, Мұқағали Макатаев атындағы №74 мектеп-гимназияның 8-сынып оқушысы Мақпал Мұратқызы Құдайберген «Анаға арнау» өлеңін оқып берді.

— Іс-шараның басты мақсаты — көрермен көңіліне әйелге деген сүйіспеншілік пен құрмет, ана мен балаға деген ізет дәнін себу. Мәдениет пен өнердің, музыка мен әннің өмірдегі маңызы туралы идеяларды, эстетикалық талғамды дамыту және көпшілікке мерекелік көңіл күй сыйлау, — дейді Астана қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы директорының орынбасары Құралай Жанұзақова.

Тілекгүл ЕСДӨУЛЕТ



ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК

Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған депутаттар делегациясы Мәскеуге келді. Ресей астанасында Федералдық Жиналыс Мемлекеттік Дума-сының төрағасы Вячеслав Володинмен және Федералдық Жиналыс Федерация кеңесінің төрағасы Валентина Матвиенкомен кездесулер өтті.

Сапар барысында Ерлан Қошанов Мемлекеттік Думаның төрағасы Вячеслав Володинмен екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Ол Ресей Қазақстан үшін әрдайым сенімді одақтас, стратегиялық әріптес, тату көрші екенін және солай болып қала беретінін атап өтті.

— Елдеріміз арасында сенімді саяси диалог жолға қойылған. Тығыз экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыс орнап, берік шарттық-құқықтық база қалыптасқан. Жыл өткен сайын бұл қарым-қатынастар тек нығайып келеді. Көшбасшыларымыз Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин оларды дамудың жаңа деңгейіне көтерді, — деді Мәжіліс Спикері.

Ерлан Қошанов Мәжілістің Мемлекеттік Думамен өзара іс-қимылды одан әрі нығайтуға зор мән беретініне тоқталып, Вячеслав Володинді Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Бүгінде екі ел парламентшілері достық топтары, әртүрлі халықаралық және аймақтық ұйым аясында белсенді ынтымақтастықта

жұмыс істеп келеді. Заң шығару мәселелері бойынша тәжірибе алмасады. Мәжіліс Спикері Ресей мен Қазақстан шекарасындағы отандық жүк тасымалдаушылардың проблемаларын жедел шешу Парламент депутаттары арасындағы өзара іс-қимылдың нақты нәтижелерінің бірі екенін айтты.

Сондай-ақ төраға өңіраралық және экономикалық байланыстың келешегі жөнінде сөз қозғалды. Әлемдегі ең ұзақ шекара Қазақстан мен Ресей арасында екенін, Қазақстанның 8 облысы Ресейдің 12 аймағымен шектесетінін атап өтті. Тауар айналымының шамамен 70 пайызы өңіраралық және шекаралық саудаға тиесілі. Мұнда да сауда қатынастарын кеңейту мен өндірістік кооперацияны нығайту үшін әлеует зор.

Сонымен қатар спикерлер мәдениет пен білім беру саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығына назар аударды. Ерлан Қошанов бүгінде Қазақстанда ресейлік жоғары оқу орындарының алты филиалы жұмыс істейтінін айтты.

— Соңғы жылдары бізде инженерлік-техникалық саладағы мамандарға сұраныс жоғары. Сондықтан Мемлекет басшысы елімізде техникалық мамандықтар бойынша шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуды тапсырды. Бұл тұрғыда біз жетекші ресейлік жоғары оқу орындарымен жұмыс істеуге ниеттіміз, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Кездесуді қорытындылай келе, депутаттар парламентаралық ынтымақтастықты кеңейту және екі-жақты қарым-қатынасты нығайту

жөніндегі жұмысты арттыру туралы уағдаласты.

Сондай-ақ ресми сапар аясында Мәжіліс Спикері Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің төрағасы Валентина Матвиенкомен кездесті.

Ерлан Қошанов әріптесіне Мемлекет басшысының бастама-сымен Қазақстандағы маңызды өзгерістер туралы айтты.

— Былтыр өткен конституциялық реформаға байланысты заңнама-мызды айтарлықтай жаңарттық. Біз еліміздің конституциялық заңдарына бірқатар маңызды түзету енгіздік. Мәжіліс алғашқылардың бірі болып «Ұлттық қор — балаларға» заңын қабылдады. Ол заң қазір қолданыста. Жаңа Бюджет, Салық, Су, Құрылыс кодекстерімен жұмыс басталды, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері ресейлік сенаторларға күзде Санкт-Петербургте өтетін Төртінші Еуразиялық әйелдер форумына табыс тіледі.

Өз кезегінде Валентина Матвиенко Қазақстан мен Ресей парламенттерін барлық мәселе бойынша берік достық пен өзара түсіністік байланыстыратынын атап өтті. Федералдық жиналыс басшысы Қазақстан депутаттарының заңнамалық бастамаларына қолдау білдіріп, осы бағытта белсенді түрде тәжірибе алмасуды ұсынды.

Мәжіліс төрағасының ресми сапары одан әрі Казань қаласында жалғасады. Онда Ерлан Қошанов Татарстан Республикасының басшысы Рустам Миннихановпен және Республика Мемлекеттік Кеңесінің төрағасы Фарид Мухаметшинмен кездесулер өткізеді.

ТАСҚЫН ҚАУПІ ЖОҒАРЫ ӨҢІРЛЕР АТАЛДЫ

«Қазгидромет» РМК 2024 жылғы су тасқыны бойынша негізгі болжамын жариялады. Еліміздің өзендеріндегі көктемгі су тасқыны ағынының күтілетін көлемі гидрометеорологиялық бақылаулар мен өлшеу деректеріне сәйкес жасалды.

«Қазгидромет» РМК өндеген NASA спутниктерінің Жерді қашықтан зондтау суреттері бойынша 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдайға сәйкес, Қазақстанның 72% аумағында қар жатыр. Жауын-шашын мөлшерін, қардағы су қорын, топырақтың күзгі ылғалдығы көрсеткіштерін, топырақтың

кату тереңдігін, сондай-ақ өзендердің мұз режимдерін талдай отырып, су тасқыны қауіпті аймақтарға алдын ала баға берілді, — деп жазылған «Қазгидромет» хабарламасында.

Осылайша, су тасқыны қаупі жоғары өңірлер ретінде Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан,

Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Жетісу облыстары аталды.

Орташа қаупі бар өңірлер — Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Түркістан және Ұлытау облыстары болса, Маңғыстау облысында су тасқыны қаупі жок. Қазір қар жиналу процесі жалғасып жатыр.



Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы

AIQYN жастардың жүрегінен орын алды. 20 жылдық тарихында басылым беттерінде жастардың көптеген өзекті мәселесі көтерілді, білім мен ғылым, мәдениет пен спорт және басқа да салалардағы дарынды жастардың жетістігі арнайы айдарлармен оқырманға ұсынылып келеді. Төл газетіміздің мерейтойы қарсаңында қазіргі жастар мен тағы да олардың көкейінде жүрген мәселелері, бүгінгі мен болашағы жайлы AIQYN-ды 2008-2019 жылдары басқарған публицист, қоғам қайраткері Нұртөре Жүсіппен сұхбат өрбіттік.



Нұртөре ЖҮСІП,
Парламент Сенатының депутаты:

ОҚЫРМАНСЫЗ ГАЗЕТ ОРМАНСЫЗ АЛҚАП СЕКІЛДІ

— AIQYN негізінен жастардың жүрегінен орын алған басылым деуге болады. Сіз бірнеше жыл осы газетте басшылық қызметте болдыңыз. Жастарға қатысты көптеген өзекті мәселені көтеріңіздер. Бүгінгі жас толқынды не толғандырады?

— Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев VIII шақырылған Парламенттің бірінші сессиясында өкілді билік тармағына жас саясаткерлердің жана буыны келіп жатқанын атап өтті. Олар қоғамда жана құндылықтардың кеңінен дәріптелуіне әсер етуге тиіс. Соңғы жылдары жастарды мемлекеттік басқару саласына жұмылдыру және олардың азаматтық әлеуетін арттыру үшін бірқатар жоба қолға алынып, тиісті заңға түзету енгізілді. Сенат жанында заң жобаларын сараптауға және Парламент функцияларын іске асыруға жас сарапшыларды тартуға арналған қоғамдық жобалар қолға алынған. Солардың қатарында Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубы мен Талдау мектебі де бар.

Ресми деректерге сүйенсек, елімізде 5,7 миллионнан астам жас адам бар.



Парламент «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңға елеулі толықтырулар енгізді. Мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша 1 кодекске, 12 заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар жасалды. Жастардың жасы 35-ке ұлғайды. Осыған байланысты Салалық министрлік NEET санатындағы жастардың нақты картасын жасау (олардың нақты жас мөлшері, әлеуметтік статусы, гендерлік бөлінісі және тағы басқа) бойынша әлемдік тәжірибені пайдаланып, жаңа методологиялық әдістерді енгізетінін айтқан болатын. Қазір NEET жастардың саны біршама өсіп отыр. Бір реттік гранттар беру, жастар практикаларын ұйымдастыру, бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін өткізу сияқты шаралар жүзеге асырылып жатыр. Қазір Қазақстан жастары елдегі жұмыс күшінің шамамен 40 пайызын құрайды.

— Осы жастарға не керек? Білім бе? Бизнес пе? Дағды ма?

— Ең алдымен терен білім мен мықты тәрбие керек. Кәсіби дағды да артық болмайды. Құқықтық сауаттылық. Біліктілік. Бәсекеге қабілеттілік. Заң жастарға жол ашу үшін жасалды. Елімізде азаматтарға сапалы жоғарғы білім беру, техникалық және кәсіптік дағдыларды оқытып-үйрету, оларды әлеуметтендіру және жұмыспен қамту шаралары бүгінгі күннің талаптарына толық жауап бермей отыр. Саясатқа, экономикаға жас толқын келуі керек. Президенттің көздеп отырғаны осы. Осы жастардың бойында мемлекетшілдік көзқарас, азаматтық ұстаным орнығуы тиіс. Елімізде 200-ден астам жастар ресурс орталығы бар. Жастарды не толғандырады? Осыны өзектендіру керек-ақ. Әр өңірден жастар арасындағы идеяларды электронды түрде жинақтап, сосын оның бәрін жүйелеп, Үкіметке ұсына!

— Республикада жастар мәселесімен айналысатын ұйым көп. Өзбекстан сондай ұйымдардың бәрі біріктіріп, Өзбекстан Жастар одағы деген құрылым құрған. Бізге де солай жасауға болмай ма?

— Елімізде жастар ісімен айналысатын ұйым да, бірлестік те, орталық та аз емес. Бірақ нәтижелі жұмыс шамалы. Жастар ісін үйлестіру, ұйымдастыру, бағдарлау ісімен тұрақты айналысу үшін Өзбекстан тәжірибесін зерттеп көрген артық болмас.

— Жақында демография мәселесіне қатысты Үкімет сағатын өткіздіңіздер. Бұл — өте өзекті мәселе. Көші-қонға қатысты сауал қояйын. Мықты мамандар тізбесін жасап, шетелдерден алдырту көзделді. Неге осыны оңтүстік өңір жастарына жасамасқа?

— Жастарға не қажет? Бірінші кезекте баспана, жұмыс, әлеуметтік жағдай. Баспанасы мен жұмысы болса өз жағдайын жасап алады. Осы мәселеге кешенді көзқарас жетіспей тұр. «Еңбек», «Серпін», «Жас кәсіпкер», «Жас патриот» бағдарламалары бар. Солардың орындалу барысына терен талдау жасалды ма? «Еңбек» бағдарламасына 5 жылда 695 миллиард қаржы жұмсалған. Нәтиже қайда? Жыл сайын жас мамандардың 30 пайызы жұмыссыздар қатарына қосылады. Неге? 2022 жылы Ұлттық қордан кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде түлектерге арналған «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыстар», «Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақтар шарты» жобаларын іске асыруға және жас кәсіпкерлер мен әлеуметтік осал топтардың азаматтарына гранттар беруге 69,2 млрд теңге бағытталған болса, оның 6,9 млрд теңгесі игерілмегені анықталды.

— «Жер аманаты» деген бар. Пәлен гектар мемлекетке қайтарылды дейміз.

Қайтарылған жерлерді қолынан іс келетін жастарға неге бермеске?

— Бұл мәселеде ашықтық керек. Мемлекетке қайтарылған жерлер электронды базада ашық көрсетіліп, соны әділ бөлудің механизмдері жасалуға тиіс. Сізге бір нәрсені айтайын. Жоғары аудиторлық палата «Жас кәсіпкерлерге жана бизнес-идеяларды іске асыруға гранттар беру» және «Халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтарға гранттар беру» іс-шаралары бойынша көрсеткіштерді игеру және оларға қол жеткізу дәрежесін бағалау мүмкін емес деп отыр. Қол жеткізетін нәтижені көру мүмкін болмаса, ол жұмыстарды қалай жүргізіп отырмыз? Сондай-ақ грант алған тұлғалар санында және сандық көрсеткіштерге қол жеткізуді бағалауда деректердің сәйкессіздігі бар. Тәуелсіз ұйымдардың сауалнамаларына сөйкес, жоғары білім дипломы бар қазақстандық жастардың 40 пайыздан астамы мамандығы бойынша жұмыс істемейді, түлектердің 30 пайыздан астамы бірден жұмыс таба алмайды деген дерек те бар. Бұлардың ішінде мемлекеттік тапсырыспен оқығандары да жетерлік. Осының бәрі бізді ойлантуға тиіс.

— Қазақстан суицид деректері бойынша, әлемде үшінші орында және Орталық Азия елдері арасында көпбасшы орында. Осының себебіне үнсіздіктер ме?

— Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде миллиондаған қаржы профилактикаға бөлінеді. Сонда да суицид азаймай тұр. Неге? Психологиялық, құқықтық көмек қаншалықты? Мұндай тосын әрекетке ықпал ететін факторлар — тұрақты жұмыстың, ақшаның, баспананың болмауы, мазасыздық, депрессия, адамдық қарым-қатынас пен отбасындағы проблемалар. Бұдан бөлек, шамамен 350 мың адам құмар ойын, лудоманиядан зардап шегуде және

олардың көпшілігі жасөспірім. Бүгінде психоактивті заттарды қолдану салдарынан 90 608 адам алкогольге, 18 243 адам есірткіге тәуелді, оның 11 456-сы — 18-35 жас аралығындағы азаматтар.

Қазақстанда синтетикалық жана психоактивті есірткі заттарына тәуелді адамдар санының өскені байқалды. Ресми статистикалық деректерге сай, Қазақстанда психоактивті заттарды қолдану салдарынан 108 851 адам, оның ішінде алкогольге тәуелділігі бар 90 608 адам, есірткіге тәуелділігі бар 18 243 адам динамикалық бақылауда тұрады. 1 498 әйел мен 97 кәмелетке толмаған бала есірткіге тәуелді.

Синтетикалық жана психоактивті есірткі заттарына тәуелді адамдар санының өсу тенденциясы байқалады. Іс-шараларды іске асыру нәтижесінде ұзақ ремиссиямен динамикалық бақылаудан алынған адамдардың үлесін 15 пайыздан 15,4 пайызға дейін ұлғайту, Медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшелерінің санын 11-ден 20-ға дейін арттыру жолымен нашақор адамдарға медициналық-әлеуметтік көмектің қолжетімділігін кеңейту, апиындық агонистері бар қолдаушы терапиямен апиынға тәуелді пациенттерді қамтуды 370-тен 500 адамға дейін ұлғайту болжанып отыр.

— Елімізде 1 384 елді мекенде мектеп жоқ. Оқу-ағарту министрлігінің дерегі бойынша, 34 644 оқушы өзге елді мекендерден қатынап, білім алып жүр екен. XXI ғасырда осындай жағдайда жүргеніміз дұрыс па?

— Ведомство мәліметі бойынша, 2022-2023 оқу жылының басында 1 384 ауылдық елді мекенде мектеп жоқ болған. Бұл ауылдарда мектеп жасындағы 34 644 бала тұрады. Оларға мемлекет тарапынан тасымалдау қызметі ұйымдастырылған. Осылайша, 31 741 бала (91,6%) күнделікті қатынап оқиса, 2 903 бала (8,4 пайыз) апта сайын қатынап оқиды. Оларды тасымалдауға 1 013 автобус бөлінген. «Балалар жылы аясында Оқу-ағарту министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 2022 жылы ауыл мектептерінің автобус паркін (515 автобус) жанарту жобасын іске қосты. Бүгінде өңірлерге 200-ден астам автобус жеткізілген көрінеді. Жағдай біртіндеп реттелетін болар деп ойлаймын.

— Президент спорттық және шығармашылық әлеуетін дамытуды ұсынды. Мемлекеттік тапсырыс арқылы тегін үйірмеге баруға тиіс орта мектепте оқитын 3,6 млн баланың 9,8 пайызды ғана қамтыған. Ауылдық жердегі жағдай белгілі. Жергілікті әкімдіктер 82,0 млрд теңгені кәсіби спорт клубтарын қаржыландыруға жұмсайды. Бұл қалай?

— Мемлекет басшысы бұқаралық спортты дамыту туралы нақты тапсырма берді. Нақты жағдай қалай? Қазір жалпы Мемлекеттік спорттық тапсырысты 64 спорттың түрі бойынша қаржыландыру жүргізілуде. Егер осы тізімге үнілер болсақ, оның ішінде балалардың дені сау болып қалыптасуына емес, керісінше баланың денсаулығына зиян келтіретін спорт түрлері көп. Салалық министрліктің спорт түрлері бойынша баланың жас шамасы белгіленген бұйрығы бар. Бірақ осы тізілімде балалардың бұғанасы бекіп, қабырғасының қатаю кезеңдері мүлде ескерілмеген. Мәселен, ауыр атлетикамен (штанга) айналысуға 8 жас-тан бастап, бокс секілді басқа зақым келтіретін спорт түрлерімен 10 жас-тан айналысуға рұқсат етіледі. Бұл бұйрыққа Денсаулық сақтау министрлігі қалай келісім бергеніне таңымыз бар. Осы бұйрықтың талаптарын мүлдем сақтамайтын жекеменшік спорт клубтары өте көп. «Балам өзін-өзі қорғайтын болсын» деген тілектегі ата-аналар баршылық. Бұл дұрыс ниет шығар. Бірақ бізге ұрдажық, тек білек күшіне сенетін емес, дені сау, басы істейтін, білімді, ақылды ұрпақ керек. Ұлттың рухынан күшті нәрсе жоқ! Соны ескерсек деймін.

— Білім жағынан жылт еткен жаңалыққа қуанамыз. Қазақ баласы қай нәрсеге де қабілетті. Бір сұхбатыңызда «Жарып шығатын жерді іздеу керек» деген екенсіз. Қай жерден «жарып» шыға аламыз?

— Ұлтымыздың ілім-білімге деген ұмтылысы ерекше. Қазіргі жас ұрпақ технологиялық жетістіктерді игеруде талыптанғы жасап жатыр. Мәселен, Үндістандағы робототехника жарысында Қазақстан оқушылары жоғары үш марапатқа ие болды. Үндістанның Пуна қаласында өткен FIRST Tech challenge India Championship 2023 робототехника жарысына 5 елден 70 команда жиналған екен. Қазақстан, Үндістан, Израиль, Ресей және Румыния мемлекеттерінің оқушылары арасынан үздіктер анықталды. Осы робототехника жарысында Қазақстан атынан Алматы қаласының №81 мамандандырылған мектеп оқу-

шылары USTEM Robotics қоғамдық қорының хабарлауынша, екі күндік жарыстың қорытындысы бойынша іріктеу матчтарында жеңіліссіз өнер көрсетіп, жоғары үш марапатқа ие болғаны туралы ақпаратты ұшыраттым. Балалар Израильдің ең мықты командасын жеңіп шықты. Әлемдік аренаға алғаш рет шыққан команда үшін бұл үлкен жетістік.

Қазақстанда Байқоңыр кешені тұр. Бізге ғарыш саласын игерудің, осы салада ізденістер жасаудың мүмкіндіктері бар. «Жарып» шығатын жердің бірі — осы сала.

— Сенатта аштық тақырыбына қатысты жеті томдық еңбекті жинақтауға үлес қостыңыз. Ұлт қасіреті ретінде жас ұрпақ санасына сіңіру мақсатында 1 минут үнсіздік жариялап, еске алу, тағзым ету туралы ұсыныс жасаған едіңіз. Осыналық қиын нәрсе ме осы?

— Жеті томға тағы үш том қосылады. Осылайша, біз аштық тақырыбына қатысты 10 томдық жинақ әзірлеп, тақырыпты бір тиянақтап қоймақшымыз. «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесіне сәйкес кезінде 31 мамыр күні — Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні» болып белгіленгенін білесіз. Осы атаулы күн аясында республика бойынша еске алу шаралары мен экскурсиялар ұйымдастырылып, телеарналарда Алаш қайраткерлерінің мұрасы дәріптеледі. Ақпараттық жұмыс аясында мемлекеттік телеарналарда тақырыптық сериалдар мен деректі фильмдер көрсетіледі. Мәдениет және спорт министрлігі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары» архивтік жинағын басып шығарды. Сонымен қатар Алаш қайраткерлерінің мұрасын жастарымызға жеткізу мақсатында 2023 жылы жалпы білім беру мектептерінде арнайы сынып сағаттары өткізілді. Осындай шаралар жоғары және орта арнаулы оқу орындарында жоспарланғаны құптарлық. Реті келгенде бүкіл ел болып, 1 минут үнсіздікпен Тағзым ету шарасын өткізуге болатын шығар деп үміттенемін.

— Жақында Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні, Алғыс айту шаралары өтті. Сіз ел бірлігін нығайту туралы «Айқында» талай мақала жаздыңыз. Осы тарапта тыңнан тағы не ұсынар едіңіз?

— Бір ұсынысты айтып жүрмін. Басқа ұлт пен ұлыс өкілдерінің Қазаққа деген құрметі мен ықыласын тек ДӘМ арқылы қалыптастыруға болады! Қазақ халқы зұлмат жылдары да, оның арғы және бергі кезеңдерінде елімізге қуғын-сүргін тақсыретімен келген өзге ұлт өкілдеріне дастарқанындағы бір үзім нанды бөліп бергені белгілі.

Өскеменде Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлауға барған тұрғындарға бір тонна бауырсақ таратылды. Наурыз мерекесімен қатар келген саяси науқан барысында қаладағы бірқатар сайлау учаскесінде мерекелік дастарқан жайылған. Таннан дауыс беруге асыққан сайлаушылар ұлттық киім киіп, елге үлгі көрсеткен. Тұрғындарға бауырсақ тартып, мерекелік дастарқан жасау өте керемет идея. Еліміз үшін осындай айтулы күнде де біздің дәстүрлеріміз ұмыт қалмайтыны анық.

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстаннан шыққан танымал тұлғаларды ұлтына қарамастан, шетелде қазақ деп атайтынын атап өтті. Осы пікірді қуаттайсыз ба?

— Бәріміз — қазақпыз! Мемлекет басшысы «Даңқты отандастарымызды, спортшыларымызды, мәдениет қайраткерлерімізді, ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл — табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс. Біздің қоғам — ортақ идеалдар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы. Бұл — жалпыұлттық бірегейлігіміздің тағы бір жарқын көрінісі. Сондықтан бүгінде азаматтарымыздың барлығы өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде қазақ ұлтының мүшесі сезінеді», — деді. Ел ортақ. Мүлде де ортақ болуға тиіс.

— AIQYN-ның ұжымы мен оқырмандарына не тілейсіз?

— AIQYN-да 12 жыл қызмет атқарып-пын. Мазмұнды да мағыналы жылдар. Міне, төл газетіміз 20 жылдық мерейтойына жетті. Кезінде газеттің шығуына күмәнмен қарағандар болды. AIQYN Қазақстанның ақпарат кеңістігінде өз орнын тапқан басылым. Газет ұжымы — ынтымағын жасасым, таза шығармашыл орта. Бәсекеге жіберсе қай бәйгенің де алдынан келер қабілеті үлкен. Оқырмансыз газет ормансыз алқап секілді ғой. Қандай жағдайда да AIQYN-ды жан серік еткен оқырмандарыңыздың қатары сиремесін! AIQYN-дықтар үлкен асуларды ала берсін! Қазаққа қорған басылым болсын!

— Өңіміңізге рақмет!

(Басы 1-бетте)

Ең қызығы, бұрын-соңды болмаған осы бір айрықша жобаны көгілдір экран арқылы ел-жұртқа танымал тележурналистер қолға алды. Өзге қатарластары бұларға әдепкіде күмәнмен қарағаны да рас. Бұлай болуы негізсіз емес-ті. Себебі газетте жұмыс істеген адам телевизияға азды-көпті дайындықпен барады. Өйткені жазылған дүниені тігісін жатқызып редакциялайтын шеберлік мектебінен өтіп келеді. Енді оған тек студияның тіршілігіне төселу, микрофон тұстауға бейімделу, ұжымдық жұмысқа үйрену ғана қалады. Ал телеарнадан келіп, газет жұмысына жегілу — қиынның қиыны. Өйткені басылымның кез келген қызметкері мәтінді мәнді етіп жазуға, авторлардың мақалаларын тап-тұйнақтай етіп әзірлеуге машықтанған. Сондықтан мұндай майталман мамандарға бірдене үйрету үшін жазу өнерінде өзінің де мойының озық болуы керек.

Жоқ, талабы таудай тележурналистер газеттің шаруасын дүрілдетіп өкетті. Тіпті, қамшы салдырмады. Аз ғана уақыттын ішінде сүтгей ұйыған ұйымшыл ұжымды қалыптастырды. Қай-қайсысы да ұйымдастырушылық жағынан шашасына шаң жұқтырмайтын болып шықты.

Ерлан Бекхожин, Сайын Есмағи, Серік Жанболат... Үшеуін де жақсы білетін едім. Ерланмен қатар оқыдық. «Хабар» агенттігінде бірге қызмет істедік. Серік Жанболатпен де студент кезімізден жақсы араласамыз. Екі ғасырдың тоғысында «Жеті күн» бағдарламасының тізгінін осы Секеннің қолынан алдық. Сырттай бір-бірімізге тілеулетік танытып жүретін Сайын Есмағидың да жаттығы жоқ-ты. Осы үш тележурналистің ортасында «Жас Алашта» және басқа басылымдарда қызмет істеп, баспаханада талай рет кезекші болып, қорғасын әріптің уын жұтқан бір көнігі газетші бар-ды. Ол — «Айқынның» бас редакторының орынбасары Әділбек Қаба. Басылымның бағытын түзеп, озық идеялар ұсынып, шығармашылық орта қалыптастыруға Әділбектің көп еңбек сіңіргенін айтуды парыз санаймыз. Баспасөз нарығына еркін кірген екі газет жұмыстың көрігін қыздырып жатты. Бірақ ұзамай бұл жігіттермен бірге қызметтес болып, жаңа жобаны жүзеге асыруға бірге атсалысамыз деген ой басымызға келе қоймапты.

Алдымен «Айқын» газеті сұхбатқа шақырды. Бұл кезде мен Мәдениет министрлігі Тілдерді дамыту департаментінің директоры едім. Сұхбатты басылымның бас редакторының орынбасары Талғат Батырхан алды. Қызық әрі тосын формат. Бірінші және екінші беттерге суретінді жариялайды. Оны сұхбатшыға ілесе келген фототілші Советбек Мағзұмов қайта-қайта түсірген жиырма шакты кадрдың ішінен іріктейді. Тақырыпты да өз сөзінен ойып алып, сала құлаш етіп қояды. 2004 жылғы 22 мамырда жарық көрген біздің сұхбаттың тақырыбы да солай болды. «Тіл игеру тың игерулен әлдеқайда ауыр болып тұрғаны рас» деп айғайлап тұрды.

Мемлекеттік қызметтегі басқа қыз-жігіттерге қарағанда әріптестеріміздің бізге бүйрек бұрынқырап тұратыны анық еді. Мамандығы журналист шенеунікті қай ақпарат құралының өкілі сыртқа теппек? «Айқын» да сол жолы осындай ұстаныммен келді-ау деймін. Өздері редакцияның газет репортерлеріне арналған, бүйірінде басылымның атауы жазылған жеңіл көлігімен жүреді. Журналисті де, фототілшісі де соған мінеді. Бұл көлік көшеде жай жүрмейді, жаңа тұрпатты басылымды жаңа астананың жұртына жарнамалай жүреді. «Айқынның» қызыл ала жазуы бар қоныр машинасымен бірге жаналықтың лебі кетіп бара жатады...

«Шығысым батыс боп кетті» деп ұлы Абай айтқандай, соның бәрінен телеарна-ны газетке айырбастаған жігіттердің ерекше екпіні байқалып тұрар еді.

«ЖҮРЕКТІҢ КӨЗІ» АШЫЛСА...

Өз шоғына маздаған,
Өз әнінен жазбаған,
Өр мінезді болған соң,
Өртене де жаздаған!
(Журналистік фольклордан)

Қысқасы, телевизия көрген тегеурінді жігіттердің осал жезді шығармайтыны бірден-ақ белгілі болды... Бәрі де жас күнінде мақала жазуды газеттен бастаған-ды. Талай жыл қаланы көрерменнің ықыласына бөленген олар енді ойлы оқырманға оралды. Байыптан қарасак, телевизияда кызмет істеген мамандардың басылымға келуінен біраз жақсылық күтуге болатын сияқты. Телеарнаның тамырына қан жүгіретін тапқырлық пен жеделдік, ұтқырлық пен ұйымдастырушылық баспасөзге де ауалай қажет. Жаңа газеттер осы жағынан ұтты деп ойлаймыз.

Тікелей эфирде баксыдай ойнаған жігерлі журналистер баспасөздің бастан асатын шаруасына тез бейімделді де кетті. Біз бұларға сырттай қызыға қарадық. Әсіресе, «Айқынның» алғашқы бас редакторы Серікке сүйсінетін едік. Ол әуелден жақсы команда жасақтады. Негізінен, шеберлікке шыңдалу мектебі тәуірлеу «Жас Алаштың» сайыпқыран сарбаздарын жұмысқа шақырды. Бірлігі берік, тірлігі тау берекелі ұжым қалыптастырды. Басқару стилі еркін болды. Өзі үнемі солардың ортасында жүрді. Отқа да, суға бірге түсті. Редакциясы отқа оранғанда да әріптестерімен бірге болды. Қызметкерлері Серікті төбесіне көтерді. Бұл жағынан алғанда Секенді баспасөз тарихындағы нағыз демократ бас редактордың бірі деуге болатын шығар. Сонда да қаламы құтты қыз-жігіттер «балапан басына, тұрылты тұсына» деп ауа жайылып кетпейді. Басынның барлық тапсырмасы шетінен жедел орындалып жатады. Мен бұған осы



БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БАСЫЛЫМ

басылымдарды басқаратын құрылтайшы компанияның қызметкері ретінде бір жылға жуық жұмыста басқарм кезінде айқын көз жеткіздім. Біз төрт аяғын тең басқан газетке барып, оның бастаған ісін жалғастырдық.

Бір күні «Литер media» ЖШС бас директоры Ерлан Бекхожин хабар айтыпты. Тілdestік, пікірлестік, келістік. «Литер media»-ның атқарушы директоры болып тағайындалдым. Серіктестіктің бас кеңсесі, екі басылымның редакциясы, осы құрамға кіретін «Бухгалтер бюллетені» газетінің редакциясы Алматыда еді. Ал серіктестікке қарасты «Қазақстан темір-жолшысы» газеті, «Айқын» мен «Литердің» меншікті тілшілер тобы елордала қоныс тепкен-ді. Астана бюросын бас директордың орынбасары Сайын Есмағи басқарады. Ол газет қызметкерлерінің қажетті

жатқан газеттерді жұрт атауын қарамай-ақ білетін дәрежеге жеткен. Макетінің ұлы жобасын аса білікті халықаралық деңгейдегі медиадизайнерлер сызып, үлгісін қалыптап қойған. Енді тек сол өлшемге сал да, газетті мың құлпыртып, тоқсан түрлендіріп шығара бер. Мақаланың көлемі бір-ақ тұтам. Компьютердің пернетақтасына үнілесін де, лездің арасында онқай асықтай шыырасың да тастайсың.

Оның үстіне, «Айқын» мен «Литер-дің» сайттары бірден-ақ оқырманның ордалы отауына айналды. Сол кездегі жұрт көңілінен шыққан интернет нұсқалар осылар еді. Әсіресе, қазақ басылымдарын қарайтындардың комментарий жазу тәжірибесі алдымен осы «Айқын» арқылы қалыптасты десек, артық емес.

Қысқасы, «Айқын» — интернетке алдымен түрен салған басылымның бірі.



«ТАҚЫРЫП, ТҰРАДЫ ШАҚЫРЫП...»

Ақ тілегің ағылар,
Алдан шырақ жағағылар,
«Айқынды» алып ақтарсаң,
Аңсағаның табылар!
(Журналистік фольклордан)

Екі басылымды құрайтын компанияға да, орыс тілінде шығатын басылымға да атау болып тұрған «Литер» деген сөздің қайдан алынғаны белгілі. Литер — темір-жолдың термині. Ал «Айқынның» қалай аталғаны бәрімізді ойландыратын еді. Бірде Ерлан Бекхожиннен «Газеттің аты қалай қойылды өзі?», — деп сұрадым. Ол Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясы студенттеріне дәріс беретін. Сол топтағы Дана деген қыз ойланып отырып, «Ағай, сонымен ашқалы жатқан газетіңіздің атын не қылдыңыз?», — деп сұрайды. Бұл орысша газеттің аты белгілі екенін, ал қазақша басылымның аты әлі табылмай жатқанын айтады. «Онда неге «Айқын» деп қоймайсыңдар?», — деген көрінеді әлгі қыз. Өзі сол тұста ел аузынан түспей тұрған жас әнші Айқын Төлепбергеннің өнерін қадірлейтін жастардың бірі болса керек. Бұл атау компания басышысының жүрегіне жылы тиеді. Жанындағы жігіттер де қолдайды. Содан газет «Айқын» аталған да кеткен. Ақыры ақпарат нарығында еркін жүзген «Айқын» ұлт баспасөзіндегі брендке айналды. Осы жиырма жылдың ішінде талай шаңырақта тұған ұлдарға «Айқын» деген есім қойылды. Оның ішінде газетте жұмыс істеген тілшілердің перзенттері де бар. Әнші Айқынның өзі де әдепкі жылдарда редакцияға жірек соғып тұрды. Сөз реті келгенде айта кетейік, қазақ эстрадасында өзіндік өрнек салған Айқын — ұзақ жыл газет-журналда қызмет істеген, белгілі журналист, сайыпқыран сатирик Нұртан Төлепбергеновтің

ұлы. Демек, бұл Айқын да — баспасөздің перзенті. Газеттен иткөйлек киіп, журналды жаялық қылып, қорғасын әріппен ойнап өскен бала.

Әрине, құрылтайшыларға газеттің белгілі әншімен аттас болғанынан гөрі ұстанымының да, қолтаңбасының айқын болғаны маңыздырақ еді. Солай болды да. Сол айқындық ақпарат құралының беделін көтерді, ықпалын кеңейтті, бағасын арттырды.

«Литер media» ақпарат компаниясында бір жылға жуық жұмыс істеген соң «Астана хабары» газетіне ауыстым. Дәлірек айтсақ, елорданың бас басылымның басқарып жүрген Нұртөре Жүсіп орынбасарлық қызметке шақырды. Талайдан таныс-біліс Нұркең екеуміз бірлесіп, бірқатар жобаны жүзеге асыра бастадық. Бірақ бұл жерде құлашымызды кең жая алмадық. Жарты жылға жетер жетпесте Ерлан Бекхожин мен Сайын Есмағи маған «Айқын» газетін басқару жөнінде ұсыныс айтты. Серік Жанболат басқа жұмысқа ауысып жатқан көрінеді. Сонымен, Астанадан Алматыға қайта көштік.

«Астана хабарынан» кетіп бара жатқанымда сәт сапар тілеген газет 77-нөмірмен шыққан-ды. «Айқындағы» қызметімнің алғашқы күні кешке қарай бас редактор ретінде 777-нөмірге қол қойдым. 7 мамыр, 2007 жыл. Мұны да жақсылыққа жорыдық.

Шығармашылық құрам өте мықты. Шетінен «сен түр мен атайын» дейтін алымды да шалымды тілшілер. Төбені төңкер десең, тау қопарып келеді. Енді тек оларды жаңа идеялармен жабдықтау керек болды. Газетте ерекше еркіндік бар еді. Сондықтан мақалаларға қырық сапарлық, алпыс астарлы тосын тақырыптар қойдық. Жастарды журналистік әбжілдікке баулыдық. Қай қырынан келсе де ұстатпайтын тың төсілер қолданылды. Қазақ сөзінің мүмкіндіктерін барынша пайдаландық. Сол жылдарда Бірыңғай ұлттық тестілеу қысқартып жазылғанда БҰТ делінетін еді. Тестілеу үлерісінен кезекті шу шыққан кезде «БҰТ тағы бүлінді» деген мақала жарияланды. Ертеңіне олардың кінәлі емес екені анықталғанда «БҰТ-ты бүлдірген бұлар емес» деген тағы бір мақала жарық көрді. Кейінірек әйтеуір ҰБТ делінетін болды. Бұл жөніс қысқарған сөзге де, жайсыздау әрекетке де байланысты ой-пікір айтылған дүние еді. Тағы бірде газетте осы салаға қатысты жағымды мақала жарық көрді. Оның тақырыбын Әділбек Қаба «Бұл тестілеу бұрынғысынан естілеу» деп қойды. Осылайша, тестілеумен айналысатындардың жақсы жағын да көре білдік. Атыраудағы меншікті тілші Тұрсын Калимова атакты мұнай компаниясының жұмысшыларды «ашса, алақаныңда, жұмса жұдырығыңда» ұстауға мүмкіндік беретін өте тиімсіз «код» әзірлегені, оған жұрттың наразылық білдіріп жатқаны туралы өткір мақала жазды. Осы мақаланың тақырыбы «Тенішевстрой» жұмысшыларға «қолын» көрсетті» деп аталды. Ұлықбек Есдәулет ағам айтқандай, «Осындай тақырып, тұрады шақырып...».

қазынасына айналдыруға тырыстық. Жұртқа жақсы әсер қалдырған Танагөз Толқынқызының «Ақындар мен вокалдар» деген эссесі, Сейсен Әмірбекұлының «Токал джип» деген сараптамасы сол жылдарда жазылды. Осы тақілеттес мақалаларды ел іздеп жүріп оқитын.

Оқырманды көбірек тарту үшін газет айдарларын одағай сөздер форматына орайластырдық. «Не боп кетті өзі?», «Осы ғой енді...», «Не деп жатыр?» деген секілді қоғамның көңіл күйін деп басатын айдарлар пайда болды. Бұрыннан бар туған күн иелері тізімінің ішінен белгілі бір тұлғаны бөліп алып, «Ел білетін есім» айдары аясында қызықты деректер ұсындық. Кейінірек жұрт осыған іліну үшін бар жанын салды. «Айқынның» қызықты материалдарын «Литер» көшіріп басатын болды.

Қаншайым Байәулетоваға «Танымал әннің тарихы» деген айдар ашып беріп, тұрақты жүргізуді тапсырдық. Ол бұл шаруаның шырайын шығарды. Ел білетін біраз әннің қалай өмірге келгені туралы қызықты деректерді жинап, мақалаларын бірінен соң бірін жариялап жатты. Ақыры Қаншайым еңбегінің жемісін көрді. «Танымал әннің тарихы» деген танымдық кітабы басылып шығып, оқырманға жол тартты. Мұндай мысал көп-ақ. Бұл — біздің жобаларымыз өміршен болды деген сөз.

Жұмыс барысында езу тартқызатын түрлі оқиға да боп тұратын. Үнемі төтенше жағдайлар туралы жазатын экстремал репортер Қайыржан Төрежановқа «Қайыр Төтеншин» деген бүркеншек есім тауып бергенінді, Айгүл Аханбайқызының «Президент пен перзент» жобасы бойынша жазған мақаласындағы кейіпкер баланың суреті мүлде басқа баланыкі боп шыққаны, Ермахан Шайхының Түркістанға барам да келем деп кетіп, еркін самғап, Оңтүстік өңірді түгел шарлап қайтатын сәттері өз алдына бір хикая.

Бірде кешке қарай ертен шығатын газет беттерін қарап отырсам, Жоғарғы Сот жұмысына қатысты бір мақала айдарсыз жарияланып бара жатыр екен. Шекесіне асығыс «рубрика?» деп жазып, соңына сұрау белгісін қоя салдым. Соны жауапты хатшым Ермахан Шайхы көзілеспес жылдамдықпен іліп алып, құлдырандап секретарятқа қарай кеткен. Ертеңіне газетті ашып қарасам, әлгі мақаланың төбесінде «рубрика?» деген мүлде жаңа айдар қонақтай қалыпты. Жоғарғы Соттың баспасөз қызметінен хабарласқан Кәнапия Омарханов ағамыз қалпылдап рақметін айтып жатыр. Мақалаға мәз болған аккөңіл Кәнекен қолақпанды қатені байқап та тұрған жоқ. Ал еліпідеген Ермаханым болса, «Айқынның» ауласынан аулақтап, алты қырды айналып қашып жүр...

Қате деген — ұры. Қанша жерден жіті қарасаң да, ара-тұра бой көрсетпей тұрмайды. Бәрібір біздің корбюро өте мықты еді. «Жас алаштың» көрігілде шындаған Әйкен Маматаева, Бағдат Бәкірова, Айбала Мұқашева, одан бөлек Ізімкүл Иманбекова, Гүлбану Құлпейісова, Айгүл Болатханқызы, Ләйлә Токалова, Құнсай Ергәзиева сынды көшелі корректорлар біз қызмет істеген жылдарда «Айқынның» алтын қақпасын әркілы грамматикалық кесел-кесапаттан қорғап тұрды. Жас кезімде талай кезекшілікте болып, жұмыстарының қыр-сырын жақсы білетіндіктен өз басым корректор атаулыға құрметпен қараймын. Белгілі сатирик Бейсебай Кірісбаевтың «Кімсің? Директор? Онда берірек тұр. Кімсің? Корректор? Онда әрірек тұр!» — деп келетін өмір шындығы өріп жүрген бір шымышмасы бар еді. Сондай айтылғандай, корбюроның қызметкерлеріне көп көңіл бөліне бермейтіні рас. Ал біздің басқа түгілі бас редактордың біліп жіберген, білмей жіберген қатесіне дейін тауып беріп отыратын корректорларға деген ықыласымыз бөлек-ті.

Шынымды айтсам, «Айқында» біраз жыл жұмыс істейтін шығармын деп топшылағанмын. Ұжым да ұнайтын. Өзім де құлықты едім. Бірақ өмірде бәрі ойлағанындай бола бермейді ғой. Бірде қазақ руханияты көш басшыларының бірі Мұхтар Құл-Мұхаммед телефон шалды. Ол сол кезде Қызылорда облысының әкімі еді. Жұмысқа шақырды. Өзім жастайымнан қадірлейтін Мұханның өмірінде бір өтініш айтқаны еді. Облыс әкімі аппаратының басышы боп тағайындалдым. Сөйтіп, айбынды «Айқынмен» қоштасып, Сыр бойында шығатын басылымдардың жұмысын қадағалауға аттандық.

Орнымызға майталман медиаменеджер Нұртөре Жүсіп бекітілді. Елеулі есімі баспасөздің брөндіне баланыатын Нұрекен бұл газетке ұзақ жыл басшылық етті. Қыз-жігіттерді жаңаша жұмыс істеуге жұмылдырды. Көп мәселе көтерілді. «Айқын» қоғамның тынысын танытты. Шебердің аты — шебер. Басылым бетінен оның қолтаңбасы ұдайы көрініп тұрды. Нұрекеннің маңдайына маңызды миссия бұйырды. Алты жыл бұрын газет редакцияларын елордаға көшіруге шешім қабылданған кезде ол «Айқында» Арқа төсіне бастап келді. Көштің алдынан шығып, қарсы алып, тілегімізді айттық. «Егемен Қазақстан» Астанаға Шерхан Мұртаза мен Ержұман Смайыл бастап келген. «Айқынды» бас қалаға Нұртөре жеткізді. Бұл да бір тарих...

Біз қызмет істеген жылдарда баспасөзге жазылу науқаны кезінде көбірек қолданылатын «Айқындал да, «Айқынды» ал!» деген ұран сөз бар еді. Сонда айтылғандай, айқындалдықта, «Айқынды» алдық. Қолымызға алдық. Қаперімізге алдық. Санамызға салдық. Жалдымызға жаттадық. Жүрегімізге сақтадық...

Тойын құтты болсын, алтын айдарлы AIQYN!

«АЙҚЫНДАЛ ДА, АЙҚЫНДЫ» АЛ!

Айтқан сөзі ақ болған,
Ақпатаққа жақ болған,
Алматыдан ақыры,
Астанаға аттанған.
(Журналистік фольклордан)

Жұмасына бір рет шығатын «Айқын апта» қосымшасын тартымды мақалалар

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
«Айқын» газетінің 2007-2008 жылдардағы бас редакторы

2000 жылдардың басында біздің қоғам тез өзгере бастады. Біз капитализмге дендеп енген сайын жаңа ұғымдар, жаңа механизм, жаңа қатынастар пайда болды. Бұлардың бәрі ақпараттық қажеттілік туғызды. Сол кездері өлімізде біраз газет ашыла бастады. Соның ішінде «Айқын» да бар.

Біз кезінде орыстың боданынан шықтық дейміз ғой. Ол — шындық. Біз, тіпті орыс тіліндегі ақпараттық езгінің астында болдық. Яғни, еліміздегі орыстілді газеттердің айы онынан туып, орыс тіліндегі ақпарат бірінші орында тұрды. Бүкіл ақпаратты орыс тілінен алып, оны қазақшаға аударатынбыз. Қазақ журналистикасының бірден-бір қиын уақыттарының бірі сол еді. Телеарна мен радио саласы баспасөзден әлдеқайда жылдам болғандықтан нарыққа сай тез бейімделді. Ал қазақтілді баспасөз кейін келе жатты. Біздегі ақпарат бұрынғыша сала-құлаш, оны бір жамау өтіп кеткен соң беріп, уақыттың талабына сай келе алмады. Сол уақытта «Айқын» мен «Литер» газеттерін ашу туралы идея туды. Газеттің алғашқы құжатында «Айқын» газеті «Литер» газетінің қосымшасы, аударма газет ретінде түр екен. «Оны аударма емес, қазақ тіліндегі газет етіп шығарайық» дедім. Құрылтайшылардың бірі Ерлан Бекхожин дұрыс түсініп, мені қолдады. Сөйтіп, «Айқын» газеті аударма газет емес, «Литер» газетімен бірдей басылым болып шығатын болды. Ол Ерлан Бекхожиннің құрылтайшылардың алдындағы жасаған ерлігі. Екінші мәселе, газет саласында да заманан көш кейін жүрдік. Біз күнделікті ақпаратты күнделікті беріп, үлгере алмайтын едік. Тіпті, ең мықты деген газеттердің өздері қазақтың ақпаратты күнделікті беріп отырған жоқ. Біз қазақтілді журналистиканы заманға сай жасауымыз керек деп газетті құру ісіне кірістік.

«Айқын» газетінің алғашқы редакциясына көбіне белгілі «Жас Алаштағы» журналистерді жинадым. Бірінші орынбасарым қылып Әділбек Қабаны тағайындадым. Тіпті, жаңа заманауи газет форматын жасау үшін телевизия саласының маманы Мақсат Әділханды жауапты хатшы ретінде шақырдым. Өйткені бұл визуалды заманға көштік. Сондықтан Мақсат Әділханның бойынан заманауи форматты ойлай алатынын, компьютерді менгере бастаған болмысын көргеннен кейін мен оны әлі жауапты хатшы болып істемесе де осы жұмысқа шақырдым.

Газет шығарғанда әртүрлі бағдарлама пайда болды. Соның ішінде мен PageMaker бағдарламасын таңдап алдым. Себебі газет — қоғамның айнасы. Бұл қазір жатанды сөз болып кеткенмен, ол — шындық. Оқырман газетті парақтағанда қоғамды тану керек. Ол кезде қоғам икы-жикы, алабажак болып тұрған кезі, ал PageMaker



ӨТКІР МӘСЕЛЕЛЕРДІ БІРАУЫЗ СӨЗБЕН ЖАЗДЫҚ...

де соған ынғайлы еді. Газетіміз басында алабажак болып шыққан сияқты еді, қоғамның бет-бейнесі сондай болғандықтан газетіміз тез таралып кетті. Бұл — бір жағынан мақтаныш. Мысалы, шетелдегі, Қытайдағы қазақтардың елшілік арқылы «Жас Алаштын», «Егемен Қазақстанды» алдырып отыратын. Ал біздің газетті де тез арада Қытайдағы қазақтар жаздырып ала бастады. Оның үстіне біз күнделікті болып жатқан өзекті мәселелерге үн қатуға міндетті түрде тырысып отырдық. Қоғамдағы кез келген түйткілді мәселені бірауыз сөзбен болса да жаздық. Мысалы, 2005 жылғы 20 шілдедегі «Үкіметтің жағармай жыры қайталанбайды» дегені қайда?», «Депутат прокурорды сотқа берді», «Құрылыс алаңы құмырсқа илеуіне ұқсайды», «Ірі банктер монополиясының ипотекаға кедергісі қандай?» деген сияқты сол күнде болып жатқан ақпаратты осыдан 20 жыл бұрын қозғаппыз. Үлгере алмай қалдық дегеннің өзінде «кеше» деп бір ауыз сөзбен беріп отырдық.

«Ақ сөйле» деген үлкен бір беттік айдар аштық. Бізде ақпараттардың бәрі қысқакысқа ғой. Бірақ бір беттік айдар ашып, сол уақыттағы ең өзекті әңгімені бір бет интервьюмен беріп тұрдық. Қоғамдағы мықты адамдарды редакцияға шақырып, барлық мәселеге үн қаттық. Заманауи газет

болсын деп өз қаржыма «Құн» деген төрт беттік қосымша аштым. Өйткені қазақ экономикалық сауаттылықтан қалып бара жатқан еді. Бұл қосымшаны 5-6 санында шығардым да, әрі қарай шығаруға қаржым жетпеді. Телеарналармен байланыс орнаттық. «Бармысың, бауырым?», «Шынның жүзі», осындай тағы бірқатар телеарнадағы ең жақсы бағдарламаның жазбаша нұсқасын, мәтінін түсіретін «Дидавр» деген қосымша аштық. Одан бөлек, басылымның әр санында астында сол күнгі валютаның құнын, көмірдің, алтынның құны қандай болатынын шығардық. Тағы «Кинотеатр» деген қосымша болды. Ол беттің іші кинотеатр сияқты еді. Ол бетте киношылардың пікірінен басқа мәселенің мәнін жулып алып, беріп отырдық. Ал газеттің ең жоғары жағына Абайдың, Байтұрсынұлының қанатты сөздерін, елімізге белгілі азаматтардың туған күндерін беріп отырдық. Бұл да негізі пиар-амалдың бірі. Әріден соң талай экспериментке бардық. Қызығын айтайын, қолтаңбаға қарап, мінезге баға берелі емес пе? Біз саясатшылардың сондай қолтаңбаларын жинап, қасына мінездемелерін келтірдік. «Айқын» газетінің сол кезде бірден зымырап, алдыңғы қатарға шығуы — бәрі жанталасқан еңбектің арқасы.

Газетті шығаруда қаріптерін таңдау үшін кітапханаға бардым. Қай қаріпті таңдаған дұрыс, оқыған кезде көздің талмауы үшін интервалдары қандай болуы керек деген сауалдардың жауабын іздедім. Мұның бәрін жасауда қасымдағы мықты қыздар мен жігіттердің көмегі көп тиді. Бәрі ынтамен жұмыс істеді. Біз уақытты дөп бастық. Сондықтан «Айқын» сол кездегі нөмірі бірінші газетке айналғаны рас.

Ал енді журналистерге келейік. Журналистің көбі көсіліп, кез келген мақаласын Алатаудың ар жағынан бастап, ол бер жакка аман өтеді. Ал мен «Айқынға» ақпарат саласынан келгем. Бес жыл бойы «Хабардың» қазанында қайнадық қой. Сондықтан мен ақпараттың өзегі деген нәрсенің не екенін жақсы түсінем. Бізге неғұрлым ақпаратты жазатын адам керек болды. Белгілі, жақсы жазатын журналистерді шақырып, көлімгідей жұмыс істей басталдық. Қарасак журналистеріміз әлі ақпараттық деңгейге толық бейім емес екен. «Айқынның» стратегиясы ақпараттық газет болуы керек еді. Ол кезде біздің қоғамға ең жетпей тұрған нәрсе — ақпараттық дүние. Жарнама да, ғылым да, философия да ақпараттан тұрады ғой. Ал біздің

Басқа газеттерде кадр алмасуы деген мәселе болады. Бізде ондай жоқ. Өйткені журналистерді байқап, жазуға ынғайы келмей жатқандарды басқа бөлімге ауыстырып отырдым, басқа бөлімде олар жаңа қырынан ашылып жазатын еді. Әр журналист өз жұмысына, қателігіне өзі жауап беру керек. Стилист-редактор деген сияқты тағы бірқатар мамандық иелерін алдырып тастадым. Өйткені газет ақпараттың жылдамдығына жұмыс істеуі керек. Міне, «Айқын» газеті осындай ақпараттық жылдамдықты игеру қиындығынан басталды. Солай біз бір ай себетке жұмыс істедік. Күнделікті тың идея ізделік, жаздық, бірақ типографияға кетпейді. Сөйтіп, газет өбден піскен кезде ғана барып 6 наурызда тұңғыш газет шықты. Таңғы алтынның шамасында, бәріміз типографияда жүрдік. Бір уақытта тұңғыш газет шықты. Қалмаков көшесінің бойында айқайлап келе жатырмыз, қазаққа тұңғыш жақсы бір газет келді деп айқайлап, қуанып келе жатқан сәтміз есімде. Мұның бәрі ең бірінші Ерлан Бекхожиннің қолдауының арқасында, сондықтан ол кісіге ерекше алғысымыз білдіреміз. Біз бастаған істі публицистикалық деңгейде биікке көтерген Бауыржан Омаров пен Нұртөре Жүсіптің еңбегін атап өтпеске болмас.

Бірде редакцияда сұмдық өрт шықты, оған ешкім жақындай алмайды. Біз алыстан қарап тұрмыз ғой, іште біреу жүгіріп жүр. Сөйтсек, ол — Мақсат Әділханов деген жауапты хатшымыз екен. Редакцияның бүкіл архиві сақталатын дискіні аламын деп өрттің ішіне кіріп кеткен. Соның арқасында «Айқынның» біраз жылғы архиві сақталып қалды.

Газет — ойдың ақпараты. Сондықтан газеттің заманы өтіп кетті дегендер қателеседі, өздері көп нәрседен қалып жатыр, газеттегі ақпарат жоқ болып кетпейді. Біздің газеттің стратегияларының бірі — бірінші көркемдік жағы емес, ақпараттың жылдамдығы. Міне, біз сол заманда отырмыз. Мүмкін, тілдің көркемдік жағынан ұтылған шығармыз, бірақ заманның талабы басқа болып отыр. Сондықтан еріксіз сондай құрбандыққа баруға тура келді. Егер ақпараттан кешігіетін болсақ, біз бәріден кешігіміз. Эволюция, статистика, реформа, технологияның өзі ақпараттан басталады. Осылардан ұтылсақ ешқашан алға шықпаймыз.

Қазіргі «Айқынды» әріптестерімді, ізбасарларымыз 20 жылдық мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын. Бір кездері біз бастаған жұмысты ілгері қарай алып жүре берсін, ақпарат саласының туын қыппаса екен. «Айқын» газетін енді ғылымның, ілімнің газетіне айналдырса екен деген менің арманым бар. Өйткені қазір бізде ғылымға қажеттілік туып отыр. Ақпараттың қажетін тауып, оқырманға жылдам жеткізе білу — ең басты міндет. Менің ізбасарларым соны атқарып отыр деген ойым бар.

Серік ЖАНБОЛАТ,
«Айқын» газетінің 2004-2007 жылдардағы бас редакторы

Максим Горький Қазан университетіне түсемін деп жүріп өткен өмір жолын «Менің университеттерім» деп атаған еді. Сол шығармасында ғұмырында кездескен түрлі кісіні тәптіштеп сипаттайды. Жалпы, осы сияқты әр адамның тағдыры ғана емес, еңбек жолы да оның алыма-матеріне айналатын шығар. Себебі алғаш қызметті бастағаннан үйренетінің, бойыңа, миыңа, жүрегіңе жинайтын қорың молая түседі. Ол қор жоғалмайды, өмір жолыңның келесі кезеңіне сөуле шашатын шыраққа айналады. Оң шешім қабылдауға, дұрыс таңдау жасауға сеп болады.

AIQYN газетіне бас редактор болып 31 жасымда келдім. Оған дейін Egepen Qazaqstan-да бас редактордың орынбасары қызметін атқардым. AIQYN мен үшін әрі университет, әрі жұмыс, әрі мүмкіндік болды. Дәстүрлі медианың келбетін сақтап әрі жаңа заманға сай бейімдеп, креативті ойларымды іске асыруға, газетті одан әрі дамытуға берілген зор мүмкіндік еді. Әрине, маған дейін газетті Нұртөре Жүсіп секілді тәжірибелі редактордың ұзақ жыл басқаруы үлкен жауапкершілік жүктеді. Алғашқы күннен өзіме бірнеше негізгі міндет қойдым: AIQYN-ды жылдар бойы жеткен биігінен түсірмеу, сапасын арттыра отырып, жаңа деңгейге шығару және заман талабына сай онлайн контентті, сайтты дамыту. Бұл 2019 жылдың қыркүйегі еді.

Менің түсінігімде оқырмандар танмен таласып, көзін укалап жатып, жаңалық атаулыны смартфоннан оқып қоятын кезінде газет өзінің дәстүрлі стилін өзгертуі керек еді. Минут сайын келетін жедел хабарларды газетке жазудың мәні қалмады. Өйткені ол қағаз бетіне түсіп, қатталып, көлікпен пошта арқылы түрлі мекенжайға, аймаққа жетемін дегенше әлгі ақпараттың маңызы жоғалады. Енді не істемек керек?



AIQYN-ның ОРНЫ айры қуша

Жол біреу — газет сол хабарларда жазылатын қоғамның ортақ мәселесін, жұрттың көкейіндегі түйткілдерін сараптап, жан-жақты зерттеп жазуы тиіс. Себебі сараптама стилінде түзілген мақаланың маңызы бір аптадан соң, бір айдан соң, кейде бір жылдан соң да жоғалмайды. Ал AIQYN-ның сайты, әлеуметтік желілердегі парақшалары жедел ақпаратты жұрттан бұрын жазып, оқылымның арттыруы міндет болды. Жаңа концепция бойынша AIQYN брендин осы бағытта дамытуды жоспарлады.

Әрине, дәл қазір мұны екі ауыз сөзбен айту, еске алу оңай. Бірақ сол кезде жаңа ұжымға осы ойды түсіндіріп, журналист

қауымның көзін жеткізіп, біршамасының жазу стилін өзгерту қажет болды. Жылдар бойы өзіндік жазу мәнері қалыптасқан тілшіге «бүгіннен бастап басқалай жазамыз, сараптау керек» деп түсіндіру, талап ету оңай іс емес. Алайда ұжымда бұрыннан талап жазатын тілшілер де баршылық еді. Аймақтардағы меншікті тілшілермен жұмыс өз алдына бөлек міндет болып тұрды.

Сонымен, «мұсылман болу әсте-әсте» дегендей, жұмыс ақырындап басталды. Ұжыммен тақырыптарды бірге талдап, әр мақаланы қалай жазу керектің үнемі ақылдасатын болдық. Тілшінің білгені, естігені, көргені көп. Жиналыста өзінің, өзгенің материалына талай ұсыныс, идея айтылатын. Сұхбаттарға да тың есімдерді іздедік. Жыл соңына қарай газетті қаттау дизайны, мақалалардың жазылу бағыты, коллаждар — бәрі өзгере бастады.

Сайт та назардан тыс қалмады. Айқын.kz елімізде ең көп оқылатын 10 сайттың ката-

рында болу үшін біраз тер төгілді десек, артық емес. Газеттен бөлек, сайттың зерттеу тақырыптары қунара талқыланатын. Асқар Беков жетекшілік еткен сайт редакторларының құрамына жас мамандар келді. Біз өзге сайттарда жиі жазыла бермейтін бірегей тақырыптарды көтеруге тырыстық. Оқырман назарын солай тартуды көздедік. Әйелдер түрмесі, жеке детективтердің қызметі, көше жағалаған үйсіз жандардың тағдыры, министрліктердің еншісіндегі қымбат көліктер, мемлекеттік саатып алу порталындағы балықтар, пандемия кезіндегі көр қазушылардың жұмысы және тағы басқа тақырыптар қозғалды. Оның біразы фоторепортаж ретінде жарияланды. Көп жағдайда ойлағанымыздай қалам сирек тербелетін тақырыптардың сайттағы оқылымы мол шықты. Кейде материалдарымызды пәленше мың адам оқығанын көрсек, атымыз бәйгеде топ жарғандай қуанып қалушы едік.

Бұдан бөлек, тек әлеуметтік желіге арналған арнайы контент те жасалды. Еліміздің белгілі мамандарынан «қысқа сұрақ — қысқа жауап» форматында 2-3 минуттық шағын сұхбаттар алдық. Себебі ақпарат ағыны қаптаған заманда ұзақ видеоны қарайтын шыдам көпшілікте жоқ. Алайда сол санаулы минутта он шақты маңызды сұрақ қойып, оның жауабын алып үлгердік. Ол роликтер Facebook, Instagram-ға арналып түсірілді. Сондай-ақ өзімізді сынайық деп екі шағын деректі фильм түсіріп көрдік. Бірі Қайым Мұхамедхановтың қилы тағдырына арналса, екіншісі Әлімхан Ермеков жайлы болды. Бұл туындыларды шағын деректі фильм деп атау қиын, кеңейтілген ролик деген дұрыс болар. Не десек те, әлеуметтік желідегі қауымнан оң баға алдық.

Әрине, қиындыққа да кезіктік. Кейде замандасын мақтап, жариялауды сұрап, сала құлаш мақаласын жолдаған зиялы ағаларға «жок» деуге тура келді. Шалынған түрлі қоныраудан кейін өзекті мәселені көтерген тілшілеріміздің әр мақаласын газет бетінде қалдыру үшін күрескен түндер де есімде. Пандемияда ауыл-аудандарға газет жетпей қалған күндер де тарих қойнауына енді.

Осылайша, AIQYN сараптама стилінде жазатын салмақты, әрленген, заманауи басылғыға айналды. Ал газет сайты азулы әріптестермен долаға түсе алаптар платформа атанды. Соңғы сөзімізді liveinternet-тің көрсеткіштері талай дәлелдеді. Топ-10 деген тізімде Айқын.kz тұрса, марқайып қаламыз. Сөзсіз, бұл — ұжымның ортақ еңбегінің жемісі еді.

AIQYN жаңа жолы қандай болмақ? Газет редакциясымен қоштасқалы 2 жылға жуық уақыт өтіпті. Бірақ AIQYN назарымызда. Өзекті мәселелерді қозғайды. Дизайны да өзгеріп тұрады. Басылымның осылай уақыт талабына сай бейімделгені жөн. Онсыз сұраныстан сырт қалады. Осы тұста газет келешекте қалай дамуы қажет деген сұрақ ойландырады. Пандемиядан аман шыққан басылымдардың алдында енді жасанды интеллект

деген замана сынағы тұрған секілді. Неге дейсіз ғой... Өйткені әп-сәтте (әзірше ағылшын, орыс тілдерінде) мақаланы сау етіп түзіп шығатын ChatGPT және басқа ЖИ дәуірінде газетке қауіп төнбей ме деген ой келеді. Әлгі «машинаныз» кейде тілшінің екі күн ізденіп жазған материалына тең туындыны даярлап береді. Коллаждарды ешбір дизайнерден кем сызбайды. Қиялы шексіз. Ол ЖИ ертең қазақ тілінде де солай жазып қалар, тек уақыт еншісіндегі мәселе. Егер осылай кете берсе, тілші ұстау қажет пе деген сауал туындап қалуы бек мүмкін.

Егер шетелдік газеттердің тәжірибесіне үнілсек, басым бөлігі газеттің сайттағы мақаласын сататын ақылы режимге көшті. Биыл беделді New York Times газетінің оқырман саны 10,3 миллионға жетіпті, оның 660 мың газеттің қағаз нұсқасына жазылса, 9,7 миллионы онлайн нұсқасын ақылы түрде оқиды. Керемет көрсеткіш. Өкінішке қарай, бізде бұл тәжірибе кең тарамай жатыр. Оқырман ақпарат үшін ақша төлеу мәдениетін үйренген жоқ. Ақиқат, жалған, ақысы төленген, манипуляцияға бағытталған, инсайд және басқа да ақпарат түрлері Telegram арналарда, Instagram публіктерде, сайттарда ашық әрі тегін ағыл-тегіл төгіліп жатқанда біздің оқырман нақ бір газеттің сайттағы мақаласына ақша төлеуге асықпайтын секілді.

Әрине, газет оқырманы әзірге жоғалмайды. Дүние атаулының бәрі цифрланып, диджитал дәуір қарқын алғанда газеттің бетін аударып оқығысы келетін жандар табылады. Бірақ жыл өткен сайын азаюы мүмкін. Мысалы, көрші Ресейде газетті 45 жастан жоғары жандар оқиды екен. Себебі жас буын көзін ашқалы онлайн заманға тап болды, оларда газетке жазылу, іздеп оқу әдеті қалыптаспаған. Біздің де оқырманын жайы осыған ұқсас. Бүгінде кафеде, коуоркинг орталықта газет парақтаған жас азаматты кездестірмейсіз. Құлағында құлаққап, алдында ноутбук немесе қолында смартфон. Қазіргі статус-кво осы. Дегенмен AIQYN қазіргі бағытынан жаңылай, сараптама стиліндегі құнды материалдардың, тың мамандардың, өнер адамдарының, зерттеушілердің сұхбатын жиі жариялап отырса, оқырманын жоғалтпайды.

Бүгін AIQYN — 20 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан белді газет. Қазақ баспасөзінде өз орны, тарихы, қолтаңбасы бар басылым. Талай тілшіге мектеп, ұйымшыл ұжым, өмірге баспалдақ бола білді. Ең бастысы, өзінің негізгі миссиясы — қоғамды толандырып өзекті мәселелерді үнемі қозғап келді, әрі осы бағытын жалғастыра берелі деген сенімдемін. Бұл — оқырман алдындағы адалдық. AIQYN-ның ғұмыры ұзақ болып, 20 жылдық мерейтойдың әлі талайын атап өтер. Сонау 2004 жылы газеттің іргесін қалаған аға буынның ісін қабілеті қарымды жаңа, жас буын одан әрі жалғай берсін.

Нұрмұхамед БАЙҒАРА,
AIQYN газетінің 2019-2022 жылдардағы бас редакторы



МИНИСТРДЕН ЕСКЕРТУ АЛДЫҚ



Осыдан шамамен 7-8 жыл бұрын Fa-sebook әлеуметтік желісінде белгілі ғалым, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Ісмақова апайдың бірнеше дүркін посты жарық көрді. Сол уақытта министрліктің пәндер классификаторында өзгеріс болып, қазақ тілі мен әдебиетін қосып, бір пән етіп жаңадан жоба дайындап жатыр екен. Осыған қарсылық білдіріп Айгүл Ісмақова қайта-қайта пост жазды. Оның пікірін мен де қолдап, өз парақшама да бөлістім.

Содан «Айқын» газетінің тілшісі хабарласып, «Осындай пікір айтып жатыр екенсіз, сол туралы газетке сұхбат бере аласыз ба? Берсеңіз, біз ертенгі нөмірге жариялайық» деді. Әрине, мен ол жана жобаға қарсымын, сондықтан сұхбатқа бірден келістім.

Күн еңкейіп қалған кешкі апақ-сапақ уақыт болатын. Академик Сейіт Қасқабасов аға кабинетіне шақырып, «Жұмыс аяқталды, қайтайық» деді. Ол кезде мен қазақ әдебиеті кафедрасының доцентімін, Сейіт аға кафедрамыздың меңгерушісі-тұғын. Екеуіміз көрші тұратындықтан, жұмыстан күнде бірге қайтатынбыз. Сейіт ағаға «қазір бір журналистен қонырау күтіп отырмын, сұхбат берейін деп едім» дедім. Ол кісі «Неге байла-

нысты?» деп сұрады. Мен министрліктің кейінгі дайындаған жобасындағы классификаторда қазақ тілі мен әдебиеті пәні қосылып кеткенін, соған байланысты өзімнің пікірімді білдіретінімді айттым. Сейіт аға «Онда менен де пікір жазып алсын» деді. Содан екеуіміз онлайн режимде журналистке сұхбатымызды бердік. Ол «Айқын» газетінің келесі күнгі нөмірінде бірінші бетке жарқырап шықты. Тағы бірнеше ғалымның, ұмытпасам, Құлбек Ергөбек ағаның да пікірі болды-ау деймін. Сұхбат бергенімізден кейін бір күн өтті, тіпті ол туралы ұмытып та кеттік. Бұл — сенбі күнгі оқиға.

Дүйсенбі таңертең сегіздерде Сейіт аға хабарласып, «екеуімізді сағат онға ректор шақырып жатыр»

деді. «Аға, тыныштық па екен?» деп сұрасам, «Қабылдау бөлмесінен телефон шалды. Не үшін екенін білмеймін» деді. «Мені жай шақыруы мүмкін, бірақ академикті жай шақырмайды ғой. Жаксы хабар бар шығар» деп қалжындадым. Содан екеуіміз салып ұрып ректордың қабылдауына бардық. Көңіл күйіміз көтеріңкі. Ректорымыз Ерлан Бөташұлы жақсы қарсы алды. Сейіт ағамен жарты сағаттай отырып әңгімелесті. Алдымен ағаның жағдайын сұрады. Әдебиет, тарих, мәдениет мәселелерін талқылады. Ғылыми жобалар жайлы, университетіміздің алдағы даму жоспары сынды мәселелерді ақылдасты. Арасында Ерлан Бөташұлы маған карап, «не бүлдіріп жүрсіңдер?» деп ақырын ғана сұрап қояды. Мен «ғылымымызбен айналысып, сабағымызды беріп жүрміз» дедім. Ректор «Ештене бүлдірген жоксыңдар ма?» деп қайта сұрады. Ғылыми жобаны сұрап отырған шығар деп «Сейіт ағамен бір ғылыми жобамен айналысып, соны қорытындылап, түйінін жазып жатырмыз» деп айттым. Ал газетке берген пікіріміз есімізден шығып кеткен ғой. Бір кезде ректор ақырын ғана «Сіздерлі шақырған себебім жай емес, таңертең маған министр хабарласты, қатты ренжулі, ашулы. «Екі ғалымға қатан шара қолдан және сол қолданған шаранды маған көрсет» деп жатыр. Амал жоқ, сіздерге шара қолдануымызға тура келіп отыр» деді. Сосын менен не мәселе екенін сұрады. Мен қазақ тілі мен қазақ әдебиетін қосып жібергісі келіп отырғанын, Ахмет Байтұрсынұлының кезінен екеуі бөлек ғылым екенін, бүкіл әлемде екі бөлек сала екенін, қосып жіберу дұрыс емес

деп пікірімді айтқанымызды жеткіздім. Ректор «Әрине, маман ретінде айтып отырғандарын дұрыс. Бірақ пікір берген кезде жеке ғалым, әдебиеттанушы ретінде пікір берсеңіздер ештене де болмас еді. Сұхбаттарыңыздың шекесіне Еуразия университетінің профессоры, доценті деп баттитып жазып

қойған соң министр, әрине біздің ұжымға ренжіп отыр. Университеттің аты тұрған соң оған мен де жауапты болып қаламын. Жарайды, енді маған түсініктемелеріңізді жазып беріңіздер, оны апарып берейін. Ары қарай сіздерге қандай шара қолданатынын өзг айтады» деді.

«Киналған Жамбыл жері осы» деген тәмсілдегідей тығырыққа тірелдік. Сейіт ағадан не істейтінімізді сұрадым. Көпті көрген абыз ақсақал ғой. «Сенде Назарбаевтың кітабы бар ма? Егер кітабын таба алсаң, соның ішінде Назарбаевтың қазақ тілі мен әдебиетке байланысты айтқандарын жина, сол бойынша түсініктеме жазып береміз» деді. Мен кітапты тауып әкелдім. Сол жерде Президенттің Абай, Жамбыл, М.Әуезовтің мерейтойларында сөйлеген сөздері, әдебиет пен мәдениет, Алаш қайраткерлеріне байланысты айтылған баяндамалары бар екен. Соның бәрін жинап, «Министрдің жеке басына қарсылығымыз жоқ, бірақ жасап жатқан ісі Президенттің айтып отырған сөздеріне қайшы, сондықтан біз қарсы болдық» деген сынайда жазып, қолымызды қойып жібердік. Сонында «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде» деген сөзбен түйіндеп жібердік. Содан кейін тип-тыныш болды. Ерлан Бөташұлынан сұрасақ, «Түсініктемелерің кетті. Әзірге тыныш» деді. Соған қарағанда түсініктемені министр оқыған сияқты. Олардың Елбасы десе үрейі ұшатын кезі еді ғой. Президенттің сөзіне айтар уәжі болмаған секілді. Кейін «Айқын» газетіне де қоңырау шалғанын естідім. Сол кездегі газеттің басшысы Нұртөре Жүсіп ағамызға айтып, тілшіге ескерту жасапты. Сөйтіп, шулатып жүріп қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін біраз уақытқа дейін қосылмайтын қылып тастағанбыз.

Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ, ақын



— Гүлзина апай, Димаштан сұхбат алдым!
— Онда жұмысқа кел де, мақаланы дайындап бер. Ертеңгі нөмірге беріп үлгереміз.
18.04.2017 жыл. 20:30

Бәрі бөлім басшысы Гүлзина Бектасовамен болған осы диалогтан басталды. 2017 жылдың сәуірі. Димаш Құдайбергеннің I am a singer жобасында бір жарым миллиард қытай аудиториясын таңғалдырып, тамсандырып, жеңіске жеткен кезі. «Айқынның» бір бетіне «Дүние дидарындағы Димаш» деп көлемді мақала бердік. Есімде, сол кездегі бас редакторымыз Нұртөре Жүсіп қойып берген сол тақырып оқырманға ұнап, «қалай сәтті қойылған, ә?» дескен. Артынша осы жеңісінен кейін Димаштан сұхбат алғым келді. Тіпті, тапсырма қылып та мойным а алдым. Дерев байланыс нөмірін іздедім. Журналистер отыратын чаттан сұрап, сол жерден Канат Айтбаевтың нөмірін алғам. Қонырау барып тұрды. Тұтқаны бір ер адам алып, тілдестік. Димаштың әкесімен сөйлесіп тұрмын деп ойлаған мен бұйымтайымды айттым. Әлгі ер адам «Оның қазір уақыты өте тығыз. Сұхбат беруі қиын» деді. «Бірамамын тауып көрейікші. 5 минут болса да сөйлесіп, сұрақтарымызды қойсам деп едім. Мүмкіндік шыға калса, маған айтыңызшы. Нөмірім осы, есімім — Жадыра» дедім.

Жұмыстан қайтып кеткем. Ол кезде студенттің, жатақханада тұрамын. Сағат кешкі сегіздің кезінде «Канат Айтбаев» деп сақталған нөмірден қонырау келіп түсті. Сөйлестім. «Жадыра, қазір Димаш әуежайда. Басқа елге сапарға шыққалы жатырмыз. Әрі кетсе 5-10 минут уақыты бар. Сұрақтарың дайын болса, қазір кері қонырау шалғанда қойып алсаң болады» деді. Сол кездегі қуанышымды сөзбен жеткізе алмаймын. «Әйбетте, дайынмын» деп тұтқаны қойып, қойын дәптерде тізіліп тұрған сұрақтарды пысықтап алдым да, «Димашқа» қойдым. Ол да еш саспастан сауалдарыма жауап берді. Құлды сол

сұхбатқа дайындалғандай зуылдап тұр. Бір-екі жерде қателескені болмаса, Димаштың фанаты ма дерсін. Бәрін біледі екен. Қош, қысқа сұхбатты алған бетте Гүлзина апайға хабарластым. Жұмыс уақыты менде біткенімен, редакцияда ол кезде қызу газет шығару процесі болып жатады. Жатақханадан алып-ұшып шықтым да, таксимен жеттім. Мақаланы дайындап, оны газеттің соңғы бетіне жатады. Жатақханадан алып-ұшып кеттім. Келдім де, төсегіме құлай түстім. Бұл күн мен үшін мақтаншыққа толы күн болған еді...

Кеше жұмыстан кеш қайтқандықтан, сәл кешірек барамын деп ұйқымызды қандырмақ болғам. Телефоннымды дыбысын өшіріп тастаппын. Таңертең оның кезінде оянып кеттім де, өзімді «жұлдыз» сезіндім. Өкініштісі, онша жақсы мағынада емес еді. «Facebook-та Пәленбай Түгенбайұлы сізді тегтеді, пікір қалдырды, белгіледі» деген хабар-

МЕН «ФЕЙК ДИМАШҚА» ҚАЛАЙ АЛДАНДЫМ?



ландырудың жеті атасы тұр. WhatsApp-та да хат толып қалған. Алынбаған қонырау қанша?! Не болып жатқанын түсініп үлгермедім. Тағы бір қонырау келіп жатыр. Белгісіз нөмір. Алдым. «Сен, онбаған, хайп іздеген біліксіз журналист екенсің» деп алқымнан алды. Сөйтсем, Димаштың менеджері екен. Мәселені әлі де түсіне алмай біраз тұрдым. «Неге өтірік сұхбат аласың? Димаш саған сұхбат берген жоқ. Дерев айбынды жу. Мақаланы өшір де, кешірім сұра» деді де қойып тастады. Келесі қонырау редакциядан түсті. «Жұмысқа кел»...

Барар жолда хабарламаларды кезек-кезек аштым. Әлеуметтік желіде жұрт екіге бөлінген. Басты кейіпкер, яғни мен әлі үндемеген соң өзара «соғысып» жатыр екен. Бірі қаншалықты дарынсыз, ұятсыз екенімді айтып жатса, келесі тарап әлі жас екенімді, жақсы журналист екенімді жазып жатыр. Сол күні адам бойында болатын эмоцияның барлық

спектрін сезініп шықтым десем, артық емес. Қорықтым, ұялдым, түнілдім, қуандым, қанаттандым, ой түйдім. Жұмысқа жеткенше елең-алам халде болдым. Ұрыс естіп, сөгіс аламын деп ойладым. «Әріптестердің көзіне қалай қараймын?» деген ой да мазалады. Қош, сонымен жұмысқа жеттім. Қолым дірілдеп, кабинетке кірдім. Оған дейін жылап алғам. Жағдай өмір ойлағаннан басқаша өрбіді. Бір әріптесім бетімнен алмады. Керісінше, «ондай-ондай болып тұрады» деп жұбатты. Енді мәселені қалай шешеміз? Осы туралы ойландық. Алдымен Димаштың анасына хабарластық. Бұл жолы чаттан емес, сенімді адамнан алдық. Еңкілдеп жылап тұрып сөйлестім. Оның бәрі өзінді ақтау үшін, болмаса аяушылық танытсын деп емес, шынайы, еріксіз болып жатты. Телефон арқылы болған сол әңгімеден соң адам көңілінің дарқандығын, ана мейірімінің қуатын шын сездім. «Жадыра, айналайын, алаң-

дама. Бәрі дұрыс. Бәріміз қателесеміз» деді Света апа. Алдыңғы сұхбатты терістеп, анасының пікірімен сайтқа бердік.

Бала көңілім құлазып қалмасын деп қанша журналист аға-әпке хабарласып, қолдап жатты. Артынша жіберген қателігімді мойындап, парақшама пост жаздым. Сол жазбам жылы сөз бен жігерлендіретін тілекке толды. Өз қатемді толық түсіндім. Фактчекін жасаудың деректерге ғана емес, барлық жерге керек екенін ұқтым. Содан бері спикердің нөмірін алсам, GetContact-қа салып, басқалардың оны қалай деп сақтағанын тексеріп алатын әдет пайда болды. «Фейк Димашты» осы «өтірігі» үшін сотқа беруді де ойладық. Занды жақсы білетін әріптестер сондай ұсыныс та айтқан. Бірақ нөмірімді біліп алған фейк маза бермей, қорқытып-үркітті. Жұмыстан көбіне кеш қайтамын. Біразға дейін артымнан біреу келе жатқан жоқ па деп тексеріп жүрдім. Сәуір солай сергелденге толы болды. Содан кейін біраз уақыт бойы өзіме сеніңкіремей, қорқақтап қалдым.

2017 жыл, желтоқсанның соңы. Газетке жылжабар нөмір дайындап жатырмыз. Басшылық «Осы жолы тағы бір хабарласып, сұхбатқа келісіп көрсенші» деді. Қанат аға мен Света апаның шын нөмірі бар. «Жығылған күреске тоймастың» күнін кештім бе, қайдам, тағы қонырау шалдым. Оның алдында Бауыржан Бабажанұлына өтініш айтып, сұхбатқа көндіруін сұрағам. Өтінішімді жерде қалдырмады. Сөйтіп, «Жыл әншісі» деген айдар қойып, «Өнер әлемінде шекара жоқ» деген бір беттік материалды баспаға жібердік. Бұл жолы фейктен емес, Димаштан алынған сұхбат болды. Көңілім көтеріліп, ауылға қуанып қайттым.

Мен — Димаштың жерлесімін. Ақтөбеге жеткен соң Света апаға хабарластым. Көзін көріп, танықым келетінін айттым. Бірауыз сөзге келместен «Үйдің адресі мынадай. Келе ғой» деді. Қолыма азынаулақ сыйлығымды алып, бардым. Сөйлестім. Патша көңіл, көрегенділіктің үлгісін тағы бір көрдім. Димаштың бекзат болмысының түбі қайдан шыққанын түсіндім. Бір өзіме кең дастарқанын да жайып қойыпты. Асықпай отырып, сырластық. Кінә артпады, кәсіпқойлығыма шүбә келтірмеді. Керісінше, қолдады, дем берді. Осылайша, «журналистика жолындағы кейсім» деп әңгімелеп беретін бір оқиға қоржынға қосылды. Осы мақаланы жазарда контактімді бір шолып шықтым. Басқалар әлгі кісіге алданбасын деген оймен жазсам керек, «фейк» деп сақтап қойыппын. Одан кейін басқа біреуді алдай ма, білмеймін. Мен сабақ алғандай, оның да басына тиді деп үміттенемін.

Жадыра АҚҚАЙЫР



«АЙҚЫННЫҢ» АЙТҚЫШТАРЫ

БОЙ мен ОЙ

«Айқын» газеті өзінің көшпелі қазақтың басылымы екенін айқын-дағысы келгендей, 3 жылдың ішінде 4 ғимаратқа қоныс аударып үлгерді. Соның соңғы ғимаратындағы терезелер Жолдасбек Дунабай түгілі, тау көтеретін толағай тұлғалы Төреғали Тәшеннің де бойы жетпейтін биікке орналасса керек. Бір күні сол терезенің желдеткіші ашық қалып, содан соққан суық жел Жолдасбектің өн бойын аралап өтеді. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» дегендей, желдеткішті жаба қоятын адамның реті келмей тұрғанда, бөлмеге Төреғали кіріп келеді. Оны көрген Жолдасбек «жылжымалы саты» көргендей қуанып:

— Төке, сіз туғанда елекпенен су тасыған едім. Соның қайтарымы болсын, анау терезені жаба салшы, — деп өтінеді. Адам баласының меселін қайтармайтын Төкең тесіле қарап отырған жұрттан қысыла-қымтырыла орындыққа шығып, терезе тұтқасына әзер қол жеткізеді. Ұлт үшін ұлы іс бітіргендей болып, Төкең орнына жайғасады. «Адам күні адаммен» деген рас сөз. Сәлден сон, тау қозғалғандай болып, Төреғали Жолдасбекке келеді де:

— Жүке, мына материалды принтерден шығарып берші, — деп көмек сұрайды. Сонда Жолдасбек:

— Төке, сіз біздің бойымыз жетпеген жерге көмектесіп едіңіз. Ал біз сіздің ойыңыз жетпеген жерге көмек беруге әрқашанда әзірміз, — деген екен.

Ұшқыш мақала

«Айқын» газетінің тілшісі Макпал Қаратайқызы бір күні «Құс тұмауы» туралы мақала жазып, оны бас редактордың бірінші орынбасары Әділбек Қабаға береді. Бірақ сол материал күнде бетке жоспарланады да жеме-жемге келгенде нөмірден түсіп қала береді. Бұған қатты налыған Макпал Әділбек Қабаның кабинетіне барып:

— Аға, «Құс тұмауы» туралы мақалам тағы да нөмірден «ұшып кетіпті», — деп шағымданыпты. Сонда Әдекен:

— Қарағым, бұдан былай ұшпайтын, қанаты жоқ мақала жазшы, — деген екен.

Сүтірдің соткасы

«Айқын» газетінің бас редакторы ауысып, оның орнына басылым басшысы болып Бауыржан Омаров келеді. Ол қызметке келген күннен бастап, қызметкерлердің жұмысқа уақытылы келіп, берілген тапсырманы дер кезінде орындалуын талап етеді. Әр аптаның дүйсенбісінде жиналыс өткізіп, осы талап үдесіне жауап бере алмайтындардың қызметтен кететінін де ескертіп өтеді. Сондай жиындардың бірінде басылым бетінде жарық көрген сапасыз суреттер жөнінде сөз болады. Тіпті, бір-екі рет фототілші Айтжан Салықұлына ескерту де жасалады. Содан бастап одан маза қашады. Ішкені — ірің, жегені — желім болады. Бұрын журналистердің «Айтеке, ана кісіні түсіріп келейікші, мына кісіні түсіріп келуге мүмкіншілігіңіз бар ма?» деп асты-үстіне түскеніне үйреніп қалған ол, енді «Кімге қандай сурет керек?» деп редакцияны «адақтап» шығуды әдетке айналдырады. Бір күні сол әдетімен журналистердің бәрімен жеке-жеке сөйлесіп, Төреғали Ташеннің алдына барып тоқтайды.

— Төреғали, сен не жазып отырсың?

— Сүгір туралы мақала ғой, — дейді ол ештеңеге мән берместен жайбарақат.

— Суреті бар ма?

— Ж-о-о-к.

— Онда соткасын берші. Суретке түсіріп келейін, — деген екен.

Содан бастап біз қазақтың батыр-билері мен хандарының, сондай-ақ зар заман әдебиеті өкілдерінің суреті қажет болса, Айтекеңе қарап, олардың соткасын бергіміз келіп тұрады.

Депутаттың
өкініші

Талғат Кіршібай — «Айқын» газетінің бас беттеушісі. «Ешкі сойса да қасапшы сойсын» дегендей, ол өз ісінің бесаспап маманы болғандықтан, ұжымдағы жігіттер оған «Дарабоз» деген жанама ат берген. Ол — қуақы тілді, әзілқой, жок жерден күлкі тауып, қалжыңдап жүрмесе, бойына ас батпайтын жігіт.

«Айқын» газетінің ғимараты өртеніп жатқанда басылымның жауапты хатшысы Мақсат Әділхан қауіп-қатерге қарамай, екі жылдық мұрағат жинақталған таспаны сыртқа аман алып шығады. Ерtesіне мекеме ауласына жиналған журналистер «Өрт туралы жұрт не деп жүр?» деген тақырыпта әңгіме тиегін ағытады. Сонда болмағанды болғандай, көрмегенді көргендей етіп айта білетін Талғат:

— Кеше теледидарда Парламент депутаты Мұхтар Шаханов осы өртке байланысты сөз сөйлеп: «Кезінде Отырар қаласы өрт құшағына оранғанда Мақсаттай жігіттердің бір «бригадасы» болса, Отырар кітапханасы аман қалар еді-ау» деп өкініш білдірді, — деген екен.

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАЕАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ:
8(7171) 804-61-32
podpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4420
Астана қ., «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС
Сізеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,